

## 1. Жалпы ережелер

1) *Қызмет көрсетуші туралы мәліметтер:*

«Ақмола облысы білім басқармасының Жақсы ауданы бойынша білім бөлімі Қима ауылының Қ. Өскенбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

2) *Заңды мекенжайы:* Ақмола облысы, Жақсы ауданы, Қима ауылы, Киров көшесі, 57-үй.

3) *Мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат:*

«Ақмола облысы білім басқармасының Жақсы ауданы бойынша білім бөлімі Қима ауылының Қ. Өскенбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ 8 мемлекеттік қызмет көрсетеді.

2024 жылы барлығы 61 қызмет көрсетілді.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетілген қызметтер саны – 0

Электрондық үкімет порталы (ЭҮП) арқылы электронды түрде көрсетілген қызметтер саны – 38

Қағаз түрінде көрсетілген қызметтер саны – 23

Ақпараттық жүйелер арқылы электронды түрде көрсетілген қызметтер:

Қызмет көрсетуші ақпараттық жүйелері арқылы, қызмет алушымен тікелей байланыс жасамай (электрондық үкімет порталы [www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) қоспағанда) көрсетілген қызметтер – 38

Қызмет көрсетуші ақпараттық жүйелері арқылы, қызмет алушымен тікелей байланыс жасай отырып және өтінішті қолмен енгізу арқылы (электрондық үкімет порталы [www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) қоспағанда) көрсетілген қызметтер – 0

Білім беру саласындағы барлық мемлекеттік қызметтер тегін көрсетіледі.



4) *Ең сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат:*

Білім беру саласындағы ең сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер:

Балаларды жалпы білім беретін оқу орындары арасында ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау.

Ведомстволық бағыныштылығына қарамастан, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бойынша білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау.

Білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру.

Балаларды мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына қабылдау үшін құжаттарды қабылдау.

## **2. Қызмет алушылармен жұмыс:**

1) Мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі туралы ақпарат көздері мен қолжетімділік орындары

Қызмет алушыларға қажетті барлық ақпарат ресми интернет-ресурста орналастырылған:

<https://ds0009.zhaksy.aqmoedu.kz/content/gosudarstvennye-uslugi-754>

«Мемлекеттік қызметтер» бөлімінде мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидалары жарияланған. Сонымен қатар, ведомстволық бағынысты ұйымдардың барлығында ақпараттық стендтерге мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары орналастырылған және өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары жұмыс істейді.

2) Мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер жобаларын ашық талқылау туралы ақпарат

Қазіргі уақытта заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер жобаларын ашық талқылау «Ашық нормативтік құқықтық актілер» интернет-порталы арқылы жүзеге асырылады. Білім басқармасы мен оған қарасты ұйымдар тарапынан нормативтік құқықтық актілер әзірленген жоқ.

3) Мемлекеттік қызметтерді көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар (түсіндіру жұмыстары, семинарлар, кездесулер, сұхбаттар және т.б.)

2024 жылы білім басқармасы мен ведомстволық бағынысты ұйымдар тарапынан бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде ақпарат жарияланып, 1 рет ресми сөз сөйлеу өткізілді. Халықты мемлекеттік қызметтерді алу тәртібі туралы хабардар ету мақсатында ай сайын бұқаралық ақпарат құралдары, қызмет көрсетушілердің интернет-ресурстары арқылы ақпараттық жұмыстар жүргізілді.

## **3. Мемлекеттік қызметтерді көрсетуді жетілдіру жөніндегі қызмет**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту және мемлекеттік қызметтерді көрсетудің сапасын арттыру мақсатында «Ақмола облысы білім басқармасының Жақсы ауданы бойынша білім бөлімі Қима ауылының Қ. Өскенбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ Akmola.kz бірыңғай ақпараттық жүйесімен жұмыс істейді.

## **4. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау.**

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушылардың шағымдары туралы ақпарат.

1) 2024 жылы Мемлекеттік қызмет көрсету туралы шағымдар түскен жоқ.

2) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын ішкі бақылау нәтижелері.

## **5. Көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер**

**көрсету сапасына одан әрі тиімділігі мен қанағаттанушылығын арттыру перспективалары.**

Көрсетілетін қызметті алушылардың қанағаттанушылығын арттыру және мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру мақсатында 2024 жылға ҚР заңнамасын сақтау мәселесі бойынша бақылау іс-шараларының жоспары бекітілді. 2025 жылы білім бөлімі және ведомстволық бағынысты ұйымдар жеке және заңды тұлғаларды қолжетімді және сапалы мемлекеттік қызметтермен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастыратын болады.